6D020800 – Археология және этнология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Жуматаев Ринат Сериковичтың «Қазақстанды ежелгі дәуірлер мен орта ғасырларда мекендеген жұрттардың әдет-ғұрыптарындағы жылқы (Мәденигенездік аспект)» атты тақырыпта дайындалған диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

Пікірі

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Әлемдік мәдениеттің үшінші мың жылдыққа енуі тек интеграциялық үдерістермен ғана емес, сондай-ақ әр бір халықтың төлтума мәдениетінен өзіндік келбетін, ерекшелігін сақтап қалуға деген талпынысымен де сипатталады. Осыған орай шығу тегі, этномәдени үдерістерді, салт-дәстүрлерді, діни-наным сенімдерді зерттеу қоғамдық дамудың қазіргі сатысындағы өзекті мәселе болып табылады. Оның үстіне Қазақстан мен оған іргелес өңірлер ежелгі замандардан бастап түрлі халықтардың тоғысқан торабы, түрлі мәдени құбылыстардың қайнаған ортасы болды. Міне осындай ортадағы жан-жануарлармен байланысты әдет-ғұрыптарды зерттеу қазақ халқының этникалық тарихының кейбір қырларын қалпына келтіріп қана қоймай, аймақтағы этномәдени байланыстардың бағытын анықтайды және рухани құндылықтардың қалыптасуы мен даму ерекшеліктерін айқындайды.

Диссертациялық жұмыс тақырыбының таңдалуы ең алдымен, қазақ халқының рухани өміріндегі жылқымен байланысты ежелден сақталып қалған түрлі таным-түсініктердің көптігімен, екінші жағынан бүгінгі күнге дейін еліміздің түкпір-түкпірінен тақырыпқа қатысты археологиялық деректер қорының жеткілікті дәрежеде жинақталуымен сипатталады. Міне осы айтылғандарды біріктере отырып, жүйеленген еңбек дайындау да жұмыстың өзектілігін анықтайды.

Осындай тұрғыдан келгенде қорғауға ұсынылып отырған Жуматаев Ринат Сериковичтың «Қазақстанды ежелгі дәуірлер мен ортағасырларда мекендеген жұрттардың әдет-ғұрыптарындағы жылқы (Мәденигенездік аспект)» атты диссертациялық жұмысы өзекті, әрі жылқымен қатысты әдет-ғұрыптарды мәденигенез тұрғысынан сараптауда маңызды болып табылады

Өзінің ауқымдылығымен де, мәселені дендеп зерттеудің дәйектілігімен де дараланатын бұл диссертациялық жұмыс ҚР БҒМ Ғылым комитетінің 0624/ГҚ «Қазақстанның қола және ерте темір дәуірі тұрғындарының мәденигенезі» атты ғылыми жобасының аясында орындалуы оның мемлекеттік бағдарламамен байланысын айқындай түседі. Одан бөлек диссертация жұмысының тақырыбы және еңбектегі тұжырымдар мен қорытындылар толығымен «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» тәрізді мемлекеттік бағдарламалардың шеңберіне кіреді.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Р.С. Жуматаевтың «Қазақстанды ежелгі дәуірлер мен ортағасырларда мекендеген жұрттардың әдет-ғұрыптарындағы жылқы (Мәденигенездік аспект)» атты диссертациялық жұмысы ішкі құрылымы бойынша «6D020800 – Археология және этнология» мамандығының төлқұжатына жауап береді. Қарастырылған жұмыста тақырыпқа қатысты деректер қорының барлық категориялары сараланып қорытындыланған. Жұмыстың құрылымы толығымен докторлық (PhD) диссертацияға қойылатын талаптарға сай келеді.

Ізденуші жұмыста алдына қойған мақсаты мен міндеттерін тыңғылықты түрде орындап, төмендегідей нәтижелерге қол жеткізген.

1-нәтиже. Қазақстанның энеолит дәуіріне жататын ескерткіштерден табылған материалдарды негіздей келе, жәнеде басқа да ғылыми зерттеу еңбектерін саралай отырып, қазақ жері жылқыны қолға үйреткен өлкенің бірі болғандығы нақтыланған. Осымен бірге, аталған тарихи кезеңде жылқымен байланысты алғашқы ғұрыптық түсініктер қалыптасқандығы тұжырымдалған.

2-нәтиже. Қола дәуірінде еліміздің аумағында тіршілік еткен тайпалардың жылқыға қатысты әдет-ғұрыптары мен дүниетанымы археологиялық деректер негізінде сарапталып, олардың әртүрлі болуының себептері қосымша деректер арқылы талданған.

3-нәтиже. Ерте темір дәуіріндегі жұрттардың әдет-ғұрыптарындағы жылқы бейнесі түрлі археологиялық және жазба деректер арқылы сипатталған. Олардың аймақтық және уақытнамалық ерекшеліктері талданған.

4-нәтиже. Ортағасырлық көшпелілердің жылқымен байланысты әдет-ғұрыптарының ерекшеліктері археологиялық дерек материалдары арқылы сараланған. Одан бөлек олар түркі-моңғол халықтарының этнографиясындағы мәліметтермен үйлестіріле тиянақталған.

5-нәтиже. Қола дәуірінен бастап ортағасырларға дейінгі жерлеу-еске алу ескерткіштеріндегі және петроглифтердегі жылқыға қатысты әдет-ғұрыптарды сипаттайтын деректер қорының негізінде типология жасалған. Әр тип бойынша аймақтық және аналогиялық талдау жүргізіліп, типтің мән-мазмұны ашылған.

6-нәтиже. Еліміздің шеңберінде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының мұрағат қорларындағы ғылыми есептер сарапталып, олардың ішіндегі жылқымен байланысты деректер алғаш жарияланған. Диссертант өзінің далалық зерттеулері барысында жинақтаған мәліметтерін ғылыми айналымға енгізген.

7-нәтиже. Қазақстанның ежелгі және ортағасырлардағы жұрттарының әдет-ғұрыптарындағы жылқы бейнесі мәденигенез тұрғысынан бір ізде жүйеленген және зерделенген.

3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Дисертациялық жұмысты орындау барысында алынған барлық нәтижелердің шынайылық деңгейі алдыға қойылған міндеттердің оңтайлы шешім табуымен негізделеді.

Толығырақ айтқанда:

1-нәтиже.

Диссертацияның тарихнамасы мен деректік негізін талдау ғылыми әдебиеттерді және пайдаланылған деректерді сын көзбен бағалау арқылы жасалған. Жылқымен байланысты әдет-ғұрыптарды сипаттайтын отандық, ресейлік және алыс шетелдік зерттеушілердің еңбектері ізденушінің объективті-шынайы сараптауынан өткен. Осыларды негізге ала отырып және археологиялық деректерді пайдалана келе диссертант қазақ жері жылқыны қолға үйреткен өңірдің бірі болғандығын негіздеген және шынайы болып табылады.

2- нәтиже. Жерлеу ескерткіштерінен алынған деректер қола дәуірі тұрғындарының жерлеу ғұрпында жылқыны немесе оның бөліктерін қосып жерлеу дәстүрінің элементтері сақталғандығын көрсетеді. Сонымен бірге осы кезеңдегі петроглифтерден жылқымен байланысты бірнеше жосын-жоралғылардың болғандығы және жылқы бейнелерін сомдауда бірнеше аймақтық дәстүрдің тарағандығы негізделген. Жерлеу орындарынан алынған материалдар және жартас бетіндегі жылқының ғұрыптық бейнелері арқылы қола дәуірі тайпаларының түрлі діни-наным түсініктері шынайы тұжырымдалған.

3-нәтиже. Ерте темір дәуіріндегі жерлеу-еске алу ескерткіштерінен алынған материалдар арқылы еліміздің түкпір-түкпірінде түрлі мәдени дәстүрлердің болғандығын негіздеуі дәлелді. Әсіресе, бұрын белгісіз болған жаңа материалдардың қолданылуы негізідеменің шынайылығын арттырады.

4-нәтиже. Қазақстанның ортағасырлық көшпелілерінің дүниетанымы мен жерлеу ғұрпындағы жылқы мәселесі отандық ғылымда толыққанды қарастырылмаған. Ізденуші айналымға енгбеген материалдар мен соңғы жылдардағы археологиялық ашылулардың нәтижелерін саралай отырып қорытынды жасауы және оларды түркі-моңғол халықтарындағы көрінісі шынайы айғақталған.

5-нәтиже. Қола дәуірінен бастап ортағасырларға дейінгі жерлеу ескерткіштері мен петроглифтердегі жылқыға қатысты ғұрыптық ақпарат беретін мәліметтердің негізінде алғаш рет хронологиялық типология жасалған. Оның барысында әр типтің ерекшелігі талданып, олардың мазмұндық нышандары шынайы түрде сарапталған.

6-нәтиже. Автордың археологиялық зерттеулерге жеке қатысуы барысында жинақталған материалдары мен бұрынғы ғылыми есептердің айналымға енгізілуі қалыптасқан кейбір тұжырымдарға жаңаша қорытынды енгізеді. Бұл мәліметтермен қатар, басқа да жылқыны ғұрыптық жерлеу

материалдары жазба деректерімен сәйкестендіріле тұжырымдалуы шынайы болып келеді.

7-нәтиже. Қола дәуірінен бастап қазақ халқына дейінгі жылқымен байланысты дүниетаным тарихи-сабақтастық тұрғысынан үзілмей жеткендігі, яғни мәденигенез үдерісінің ғасырлар бойы бір ізде сақталғандығы археологиялық және этнографиялық материалдары арқылы шынайы тұжырымдалған.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағида) мен қорытындысының жаңашылдық деңгейі.

1-нәтиже салыстырмалы жаңа, себебі жылқының қолға үйретілуі мәселесіне қатысты отандық және шет елдік зерттеушілердің еңбегінде жеткілікті дәрежеде зерттелген деп айтуға болады. Дегенмен, мысты тыс дәуіріндегі жұрттарда жылқымен байланысты дүниетанымдық көзқарастардың қалыптасқандығын дәлелдеуі жаңа болып келеді.

2-нәтиже жаңа, олай дейтінім отандық археология ғылымында археологиялық материалдарды және жазба деректердегі мәліметтерді үйлестіре отырып, қола дәуіріндегі тайпалардың жосын-жоралғыларындағы жылқы бейнесі алғаш талданған.

3-нәтиже жаңашылдығы жоғары, себебі, ерте темір дәуіріндегі жұрттардың жылқымен байланысты түрлі әдет-ғұрыптары бұрыннан белгілі және ғылыми айналымға енгізілменген, сонымен қатар автордың жеке зерттеу нәтижелері арқылы алынған материалдары негізінде сарапталған. Жылқы жерлеулері кездесетін жаңа өңірлер айқындалған.

4-нәтиже жаңа, өйткені еліміздегі ортағасырлық ескерткіштерден табылған материалдар жазба деректер арқылы және түркі-моңғол халықтары этнографиясы мәліметтерін үйлестіре отырып, отандық ғылымда әлі сараланбаған.

5-нәтиже жаңа, Қазақстанның ежелгі және ортағасырлық жұрттарының жылқыға қатысты әдет-ғұрыптарын сипаттайтын археологиялық ескерткіштердің хронологиялық типологиясы алғаш ұсынылып отыр. Олардың әрқайсысының түсіндірмесі мен талдамасы жасалған.

6-нәтиже жаңашылдығы жоғары, себебі мұрағат қорларындағы тақырыпқа қатысты жаңа мәліметтер ғылыми айналымға енгізілген. Одан бөлек ізденушінің далалық жұмыстар барысындағы материалдары тақырыпты жаңа қырынан толықтырады. Бұл мәліметтер ежелгі және орта ғасырлық көшпелілер тарихының кейбір қырларына жаңаша қарауға негіз болып отыр.

7-нәтиже жаңа, өйткені, қазақ жерін мекендеген ежелгі және ортағасырлық жұрттардың әдет-ғұрыптарындағы жылқының рөлі мәденигенез тұрғысынан алғаш рет сарапталған.

Зерттеу барысында ізденушінің қол жеткізген негізгі нәтижелерін қорытындылай келіп, оларды зерттелген саладағы жаңа жетістіктер ретінде бағалаймыз. Диссертацияда көрсетілген ұсыныстар мен қорытындылардың жаңалығы жоғары деңгейде екендігін атап өтуге болады.

5. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.

Зерттеу барысында алынған нәтижелердің теориялық та, практикалық та маңызы баршылық. Диссертациялық зерттеудің нәтижелерін археология саласына қосылған тиісті үлес деп атауға болады. Еңбектің ғылыми-теориялық маңызымен қатар практикалық міндеттерді шешуге бағытталғандығын да атап өткен жөн. Сондай-ақ еңбек зерттеу жұмыстарының ғылыми-методологиялық базасын тереңдетуге негіз бола алады.

Сонымен қатар, диссертациялық жұмыс қола мен ерте темір дәуірлерінің және түркі кезеңіндегі дүниетанымға қатысты өзекті ғылыми мәселелерді шешуге бағытталғандығы анық. Қалай десек те, ізденушінің үлкен хронологиялық кезеңде жылқымен байланысты әдет-ғұрыптар бойынша жазылып отырған алғашқы арнаулы ғылыми еңбегі болғандықтан, бұл диссертациядағы келтірілген ізденушінің көзқарастары болашақ зерттеу жұмыстары барысында әлі де болса пысықталуы мүмкін. Негізінен, қазірдің өзінде, диссертациялық жұмыс бойынша алынған нәтижелерді ЖОО арналған оқулықтарда, Қазақстанның ежелгі және ортағасырлық тарихының рухани бөліміне қатысты жазылатын танымдық, ғылыми еңбектерде кеңінен пайдалануға әбден болады.

6. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.

Диссертациялық жұмыстың негізгі тұжырымдары мен нәтижелері 13 ғылыми басылымдарда жарық көрген, оның ішінде 5 мақала ҚР білім және ғылым министрлігінің жоғары бақылау Комитетімен бекітілген тізімге енген басылымда, 1 мақала Scopus мәліметтер базасына кіретін басылымда, 7 баяндама халықаралық, республикалық ғылыми-практикалық конференциялар мен симпозиумның жинақтарында жариялану арқылы сыннан өткен.

Ғылыми мақалалардың мазмұны мен тұжырымдары диссертациялық жұмыстың нәтижелері мен қорытындыларына сай келеді.

7. Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.

Жалпы, диссертацияның мазмұны, ондағы негізгі мәселелердің екшеліп көрсетілуі, олардың ғылыми-теориялық және методологиялық оң шешімі, сондай-ақ, зерттеудің дәлелдеу жүйесінің негізі болып табылатын - сан алуан мәліметтердің дұрыс сұрыпталынып, зерделенуі диссертанттың жоғары ғылыми дайындығының айғақтары.

Зерттеу жұмысының мазмұны тақырыптың мәнін толық ашады, тараулар мен бөлімдердің арасында логикалық байланыс пен сабақтастық сақталған. Диссертацияның тілі жатық, ұғымдық-категориалдық аппараты теориялық-танымдық деңгейіне . сай келеді, зерттеудің мақсаты мен міндеттері орындалған.

Жұмыстың көлеміне және библиография бөліміне қатысты ескертулер жоқ. Диссертациялық жұмысты толығымен аяқталған деп тұжырымдауға болады.

Дегенмен, төмендегідей кемшіл тұстард атап өтеміз:

1) жұмыстың қорытынды бөлімінде зерттеудің нәтижелерін тұжырымдаумен қатар оның перспективалық қырларын көрсету жағын күшейту күшейтсе дұрыс болады;

2) қосымша бөлімін тағыда толықтырса болар еді.

Аталған кемшіліктер мен ескертулер диссертациялық зерттеу жұмысының ғылыми құндылығына нұқсан келтірмейді және теріске шығармайды.

8. Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Тұтастай алғанда, Жуматаев Ринат Сериковичтың «Қазақстанды ежелгі дәуірлер мен ортағасырларда мекендеген жұрттардың әдет-ғұрыптарындағы жылқы (Мәденигенездік аспект)» атты бұл диссертациялық жұмысы өзекті мәселені шешуге бағытталған, зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелері, қорытындылары мен тұжырымдары бар толыққанды ғылыми еңбек болып табылады. Диссертациялық жұмыс жоғары ғылыми-теориялық деңгейде орындалған және мазмұндалуы мен рәсімделуі жағынан Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитетінің талаптарына сәйкес, толық аяқталған жұмыс ретінде тұжырымдап, ізденуші «6D020800 – Археология және этнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:
тарих ғылымдарының кандидаты,
«Қазақстан Республикасының
Ұлттық музейі» РМҚК «Халық қазынасы»
ғылыми-зерттеу институтының басшысы А. Оңғар

КАДР БӨЛІМІ